ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 желтоқсан №2/15418/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының автошаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Medium» жеке кәсіпкері Бараков Алмас Айтмуханбетович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының автошаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талабы қанағаттандырылсын.

«Medium» жеке кәсіпкері Бараков Алмас Айтмуханбетович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және талап қоюшының пайдасына 15 341 (он бес мың үш жүз қырық бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 460 (төрт жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Мемлекет кірісіне жауапкерден 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге іс бойынша мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Қанбаев**

Көшірме дұрыс,

Төраға **Ж.Жетібаев**

Анықтама: шешім заңды күшіне 2025 жыл 20 қаңтар енді.

Төраға **Ж.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 11.12.2024